

МӘДЕНИЕТ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ДЕВИАЦИЯНЫҢ ШЕКТЕРІ

¹Е.Н. Осербаев, ²Т.Х. Ғабитов

АҢДАТПА

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы мәдени үрдістердің кейбір бағыттары өзінің табиғи болмысынан ауытқып, мимесистік (ұқсау, еліктеу) сипаттағы батыс мәдениетінің таратушысына айналып отыр. Бұл жас ұрпақтың ұлттық талғамын әлсіретеді, ұлтты дәстүрлі төл мәдениеттен бірте-бірте ығыстыра алады. Осындай еліктеушілік ұлттық мәдениетке, әсіресе жастардың сана-болмысына, қатты әсер етеді, ұлттық тәрбиеліліктің этика-эстетикалық маңызы кемиді. Кейбір қоғамдық ұйымдар бұқаралық мәдениет элементтерін пайдалану арқылы оны қаржылық көздеріне айналдырады. Мұндай келеңсіздікке жол берілуінің себептерін атап өтсек: ұлттық талғам, қоғамдық мүдде ұстындарында мәдениет пен өнердегі құндылықтар жүйесін қалыптастыру мен саралаудың дамымағандығы, шетелдік мәдени ағымдардың енуі мен таралуына мәдени ұжымдар мен басқару ұйымдарының бақылау орнатпауы, қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың мәдени даму процесінен алшақтығы, эстетикалық нормалардың және сапаның салғырттығы, яғни, талғамның татымсыздығы, стильдің дүбәралануы. Оған қоса, ақпараттық ағымның негізінде қалыптасқан кибербуллинг процесінің де әсері барын атап өту қажет. Бұл процестер, түптеп келгенде, нағыз өнердің құлдырауы мен ұлттық мәдениеттің девиацияға ұшырауына әкеп соғады.

Түйін сөздер: мәдениет философиясы, ұлттық мәдениет, мәдени девиация, батыс мәдениеті, шығыс руханияты, кибербуллинг

^{1,2}Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Е.Н. Осербаев,
eldos.cs@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Е.Н. Осербаев,
Т.Х. Ғабитов.
Мәдениет философия-
сы және ұлттық мәдени
девиацияның шектері //
Адам әлемі. – 2022.
– №1 (91). – Б. 49-62.

Философия культуры и пределы национальной культурной девиации

Аннотация. Сегодня некоторые аспекты культурных процессов в Республике Казахстан отошли от своей естественной природы и стали распространителями западной культуры мимесистического (имитационного) характера. Это ослабляет культурные вкусы подрастающего поколения, может постепенно вытеснять национальные ценности из традиционной культуры. Такое подражание оказывает сильное влияние на национальную культуру, особенно на сознание молодежи, снижается этическое-эстетическое значение национального воспитания. Некоторые общественные организации используют элементы массовой культуры, чтобы превратить ее в источник финансирования. Главными причинами

этих процессов являются: отсутствие контроля за проникновением и распространением инокультурных потоков со стороны культурных групп и управленческих организаций, отрыв общественных организаций и политических партий от процесса культурного развития, равнодушие к эстетическим нормам, качеству, т. е. безвкусию, смещение стилей, влияние на сознание кибербуллинга. В конечном счете, эти причины приведут к упадку истинного искусства и девиации национальной культуры.

Ключевые слова: философия культуры, национальная культура, культурная девиация, западная культура, восточная духовность, кибербуллинг.

Philosophy of Culture and Limits of National Cultural Deviation

Abstract. To date, some areas of cultural processes in the Republic of Kazakhstan deviate from their natural reality and become distributors of Western culture of mimesistic (imitation, imitation) character. This weakens the National taste of the younger generation, can gradually displace the nation from the traditional original culture. Such imitation has a strong influence on the national culture, especially on the consciousness of young people, the ethical and aesthetic significance of national education decreases; some public organizations, using elements of mass culture, turn it into financial sources of the reasons why such unacceptability can be allowed. The underdevelopment of the formation and differentiation of the system of values in culture and art in conditions of national taste, public interests, impact on the mind of cyberbullying, lack of control by cultural collectives and management organizations over the penetration and spread of foreign cultural trends; isolation of public organizations and political parties from the process of cultural development; negligence of aesthetic norms and qualities.

Key words: Philosophy of Culture, National Culture, Cultural Deviation, Western Culture, Eastern Spirituality, Cyberbullying.

Кіріспе

XX ғасырдың барлық ойшылдары мәдениеттің маңыздылығын атай отырып, шығыс пен батыстық дәстүрлердің өнімді синтезін іске асыруды қолдайды. Техникалық және технологиялық дамудың, өркениеттің түлегі бола тұрып, олар руханилықтың өміршең күшін сақтап қалған. Мәселен, Хайдеггердің экзистенциалдық талдауы, Гадамердің «өмірлік әлемі», Адорноның «әсемдік табиғаты» және т.б. шығыстан сусындаған. Сондықтан, қазіргі батыс философиясы өзіне шығыстық әлемге қатынасты идеясын өз бойына сіңірген және сондықтан ол жаңғыру және жаңару үстінде [1, 64-81 бб.].

XX ғасырдың басында О. Шпенглер батыстың құлдырауы туралы сөз қозғайды. Оның басты факторлары ретінде: өркениеттік және мәдени құндылықтардың арасындағы қайшылықтар, демографиялық және экологиялық дағдарыстар, АҚШ саясатындағы астамшылдық, көпполюсті әлемге бейімсіздік

және т.б. айқындалды. Бұл процестердің мәдениет саласына тигізген әсерлерін философиялық тұрғыдан пайымдау жаңа мәдени-антропологиялық ізденістердің арқауы болары сөзсіз.

Кейінгі кездері біздің қоғамда жаһандану үрдісін жүзеге асыратын бұқаралық мәдениет немесе оның бір теріс салдары - мәдени девиация туралы аз айтылып жүрген жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көріп жүрген ұлттық құндылықтар, ұлттық идеология тақырыбындағы мақалалардың да бұл ұғымдарға соқпай кететіні кемде-кем. Мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәдениеттанушы ғалымдардың да көпшілігі өз сөздерін осы терминдермен тұздықтағанды тәуір көреді. Алайда, солардың қай-қайсысы болсын, осы «қос құлағы тік шыққан жіктің» қай жерден және қашан шыққанына, неден бастау алғанына тоқтала бермейді. Сондықтан біз бұл ұғымға кеңінен тоқталып, оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

XX ғасырдың ішінде Батыс-Шығыс қарым-қатынасында үлкен өзгерістер болды, батыстың өзі күрделі эволюция үстіндеді. Батыс шығыс руханиятының даналығын тани бастады, ғалымдары буддизм, үнді философиясын зерттеп, суфизмді тұтас батыс әлеміне «ашты», сәйкесінше өз философиясын байытты. Жоғарыда айтылған К. Юнг, дүниеге көзқарас батыс рационализімінен терең болу керек екенін мойындады және материализм, дінсіздік, техноцизмді, беймәдени «демократиялық» болмыстың («бұқаралық мәдениет») зиянын өздері өздеріне әшкереледі. Әрине, ойшылдардың бұл тұжырымдары нақты саясатқа әзірге шейін үлкен әсер ете алмай отыр. Дінді, этиканы мойындау, әлемдік интеграцияны рухани жағынан толықтырып, шынайы «жүректер интеграциясына» айналдыру, әрбір ұлттың қайталанбас келбетін сыйлау, «жанын» түсінуге тырысу, сол арқылы шынайы бауырмалдыққа жету – Батыс пен Шығыс ойшылдарының, жалпы прогрессивтік ниеттегі адамдардың келген қорытындысы. Қандай халық болмасын, жалпы бүкіл адамзат ендігі жерде этикаға, руханиятқа бет бұрмаса, адамды түземесе – жер бетіне үлкен қасірет жақын екені енді анық сезіледі.

Осының барлығын ескере отырып біз келесі ойға келдік: «американдану», «еуропалану» да біздің жол емес, ескішіл, фанатик болып, қайтып келмес көшпенділікті аңсау да орынсыз. Біз екі бұрынғы рухани элитаның екі буынының да тәжірибесін, тәсілдерін ұштастырып қолдануымыз қажет. XIX ғасырдың рационалист-ағартушылары сияқты ойлауымыз жөнсіз болмақ. Олардан гөрі біз дәстүршілміз, руханилығымыз, мұсылмандығымыз, шығыстығымыз олардан күшті. Жаппай вестернизация, рухани азу ықпалы күрт өскен жағдайда (өкінішке орай, бізде Батыстың биік мәдениетін, философиясын емес, азғындық жағын насихаттау басым), оған төтеп беру үшін руханият,

тек өз дәстүріміз бізге қорған болатыны түсінікті. Сөйтіп қана ұлтты «мәдени экспансиядан» сақтап қалуға болады.

Ендеше, XXI ғ. ұлттық мәдени трансформациясы кері жылжу емес, біреуді қайталау да емес, жаңа жағдайда шығармашылық ізденіс (мәселен, техногендік батыс өркениетіне альтернатива ретінде рухани сипаттағы «еуразиялық» өркениет құру идеясы – егерде оны біз дұрыс түсіндіріп, айқындай алсақ) біздің бүкіл аймақтық мәдени, әлеумет, саяси трансформация процестеріне үлкен өзгеріс, ілгері басу, гүлдену әкелер.

Рухани кеңістікті құрайтын элементтер көп, солардың ішіндегі оның мәнін терең де ауқымды анықтайтындар бұл: ұлттық философия мен әдебиет, мәдениет пен оның түрлері, рухани қазынанның басқа да элементтері осы екі үлкен тұғырлардың айналасында өрбиді және дамып отырады. Олардың даму деңгейі, қоғамдық өмірге тигізетін әсері және қоғамдық санамы белгілеудегі алатын орны ерекше. Дамыған елдердің тәжірибесі осы ойды айғақтап отыр және оған көптеген мысалдар келтіруге болады.

Әдіснамасы

Мақалада мәдени ауытқу мәселелерін анықтау үшін ақпараттық, желілік, виртуалды цифрлық қоғам теориясы, әлеуметтік желілер теориясы, аксиологиялық, әлеуметтік-мәдени тәсілдер, сондай-ақ аралас шындық тұжырымдамасы қолданылды. Бақылау және сауалнама әдісі (девиантты мінез-құлық топтарымен жұмыс істеу), сауалнама сандық жастардың құндылықтары мен мінез-құлық үлгілері туралы эмпирикалық мәліметтерді алу үлкен маңызға ие. Жұмыста философиялық, психологиялық, құрылымдық-функционалдық тәсілдер, талдау, синтез, ғылыми жалпылау әдістері де қолданылды.

Зерттеу барысында компаративистика, типологизация, герменевтика, диахрондық және синхронды талдау сияқты әдістемелер пайдаланылатын болады, олардың көмегімен мәдени динамикадағы жалпы және ерекше сипаттамалар, мәдени трансформацияларға әсер етудің ішкі және сыртқы тетіктері, қоғамды цифрлық жаңғырту дағы жергілікті, өңірлік аспектілер анықталатын болады. Батыс және өзге қауымдастықтардың девиантты субмәдениеттерін салыстырудың сарқылуын түсіну «синтез» идеясынан мәдени-өркениет процесінде әмбебап және жергілікті өзара әрекеттесу идеясына көшуге көмектесті. Зерттеуде теориялық және әдіснамалық тәсіл ретінде цифрлық буынның девиантты топтарының көрсеткіштері мен сипаттамаларын жылдамдық өлшемі мен динамикасымен салыстыруға мүмкіндік беретін мәдени аралық «кросс-уақыт» талдауы қолданылды.

Негізгі бөлім

Батыс әлемінде мәдени девиацияның артуының бір себебін ХХ ғасырдағы жаңа мәдени үрдістерден іздеу керек деп санаймыз. «Билікті күшпен жаулап алып, мәдени революцияны жоғарыдан орнатқаннан гөрі, біз бәрінен бұрын мәдениетті өзгертуіміз керек. Сонда барып билік піскен жеміс секілді қолға өзі-ақ келіп түседі» [2, 243 б.], – деді А. Грамши. Алайда, мәдени құндылықтарды өзгерту – газет, журнал, радио, кинематография секілді БАҚ пен театр, мектеп, семинарияларды бағындыру жолында табанды күрес жүргізуді талап етеді. Оларды бірте-бірте жаулап алып, ақырындап реформаның құралдарына айналдыру – кезек күттірмейтін іс. Сонда барып, қоғам модернистік мұраттарды түсініп қана қоймай, оған мойынсұнады» [3, 67 б.]. Шамамен сол кездері мәдени реформаторлардың қатарына музыка сыншысы – Теодор Адорно, психо-

лог – Эрих Фромм, әлеуметтанушы – Вильгельм Райх және кейін осы мектептің жетекшілерінің бірі болған Герберт Маркузе қосылды. Алайда, 1933 жылы Берлинде билік басына еврейлер мен марксистерді ұнатпайтын Адольф Гитлердің келуіне байланысты, «франкфурттықтарға» АҚШ-қа қашуға тура келді. Колумбия университетінің жәрдемімен Нью-Йоркте орналасқан олар – өз күштері мен таланттарын осы елдің мәдениетін терістеп, бүлдіруге жұмсай бастады. Сол франкфурттықтар ойлап тапқан жаңа қарудың бірі – сыни теория деп аталды. Теорияның атауы салмақты көрінгенмен, оның түбінде батыс өркениетінің ұстанымдарымен еш сәйкеспейтін әрекет жатты.

Аталмыш теорияның қағидалары – оны батыс мәдениетінің барлық элементін (христиандықты, капитализмді, отбасы беделін, патриархатты, иерархиялық құрылымды, салт-дәстүрді, сексуалдық шектеулерді, наным-сенімді, патриотизмді, ұлтшылдықты, этноцентризмді, консерватизмді және консерватизмді) сынайтын теория ретінде белгілі болды.

Мысалы, марксистер сол сыни теорияға сүйене отырып, Батысты тарихтағы барлық өркениеттер мен мәдениеттерге жүргізген геноциді үшін айыптаудан танбай келеді. Сыни теория бойынша, батыс қоғамы – нәсілшілдіктің, фашизмнің, ксенофобияның, гомофобияның ордасы екен. Эрих Фромның «Бостандықтан қашу» және Вильгельм Райхтың «Бұқараның психологиясы және фашизм», «Сексуалдық революция» кітаптары осы сыни теорияның негізгі жемістері еді. Дегенмен, Франкфурт мектебінің ең атақты кітабы – Теодор Адорноның «Авторитарлы тұлға» еңбегі болды. Бұл өз кезегінде Карл Маркстың экономикалық детерминизмін жоққа шығарған, мәдени детерминизмге негізделген франкфурттықтардың қасиетті кітабы болды. Оның басты идеясы: «Егер

христиандық немесе әсіре капиталистік отбасында тек қана қатал патриот, дәстүрлі дінді ұстанатын әке билік етсе, ондағы балалар нәсілшіл, фашист болып өседі деп, нық сеніммен айтуға болады» [4, 389 б.] – дегенге саяды.

Олардың тағы бір жетістігі – мәдени гегемонияға апаратын жол философиялық пікірталаста емес, психологиялық қайта тәрбиелеуде жатыр деген тезис болды. Ол тезис – америкалық балаларға мектепте ата-анасын – нәсілшіл, шовинист, гомофоб қылып көрсетіп, оларға жаңа өнеге керектігін түсіндірді. Франкфурт мек-тебінің осындай идеялары 1940-1950 жылдардағы педагогикалық колледждерде кеңінен таралды.

Герберт Маркузе Хоркхаймердің «Болашақ мәдени революцияда пролетариаттың рөлін кім ойнайды» – деген сұрағына жауап берді. Маркузенің ойынша, бұл рөлге – жастардың радикалды топтары, феминистер, қара нәсілділер, гомосексуалистер, маргиналдар, үшінші әлем елдерінің революционерлері және батыстың басқа да «құрбандықтары» секілді бірнеше кандидаттар бар. Батыс мәдениетін төңкеретін «жаңа пролетариат» осылар болмақ.

Бұған дейін қоғамның негізгі ұстанымдары ауызекі әңгіме немесе кітаптар арқылы қиратылып келсе, Маркузе – төсек ләззаты мен есірткі одан да күшті қару боларына сенімді болды. «Эрос және өркениет» кітабында ол әйгілі «ләззат қағидасын» ұсынып, «Соғыспен емес, махаббатпен айналыс!» – деген ұран тастады. Бұл ұранды жастар жақсы қабылдап, студенттер кітабын таласа оқып, өзі жұрт табынатын тұлғаға айналды... [5, 240 б.].

Жаңа марксшылдар үшін өздері шовинизм мен әлеуметтік теңсіздіктің инкубаторы әрі диктатураның қарапайым мысалы ретінде санаған отбасы институтын құртудан өткен маңызды мақсат болған жоқ. Сөйтіп, патриархалды отбасын жою, яғни әкені жанұядағы «тағынан түсіру» үшін, франкфурттықтар

– жанұя басшысы әйел болып табылатын матриархалды отбасын, сондай-ақ, жанұядағы әйелдер мен еркектердің қызметі ауысып кететін «андрогиндік теориянын» ұсынды. Нәтижесінде, әйелдер қаһарман атанып, алдыңғы қатарға шығарылса, еркектердің беделі төмендетіліп, нәуетек, нәумезге айналдырылды.

Халықтың рухани дүниесі қаншама бай болғанымен, ол ұлттық дүние болып қала береді, белгілі бір кеңіс-тіктік-уақыттық шекараларда өсіп жетеді, этностың, халықтың, ұлттың дүниетүсінуі мен дүниетүсінуінің ерекшелігін әйгілейді. Ол өзінің дүниені аңғаруының қайталанбайтындығын бекіте отырып, дүниежүзілік мәдениет пен тарих тәжірибесіне ашық, басқа мәдениеттерді түсінуге қабілетті, бұл мәдениеттермен өзара әрекет етуге дайын, тек сондай мәдениет үшін ғана болашақ ашық болады. Бүгінгі ұлттық рухани мәдениет ашық, өзін өзі ұйымдастырушы динамикалық жүйе ретінде дамуға міндетті. Бұл үшін жағдайды жасау - өзіне өркениеттік шұғыл өзгерістердегі қазақстандық қоғамды модернизациялаудың қиын міндетін алған, жаңа ақпараттық қоғамның жаһандану кезеңіндегі құндылықтар әлеміне еніп бара жатқан, мемлекеттің ісі.

Дәстүр мен жаңашылдық, әлемдік су-пермәдениеттердің арасындағы айқын үйлесімді теңдік өте күрделі процеске жатады және оның орындалуы көп шарттарды қажет етеді. Өткенге оралу, өшкенді жандыру, діни қайта өрлеу, шашыраған құндылықтарды түгендеу, жаппай батыстандыруды есептемегеннің өзінде, белсенді модернизация аймағында жүреді. Мұндай құрылым ерікті де, еріксіз де мәдениеттің шығармашылық күйіне сүйенеді. Өйткені, мәдениет барынша қалыптасқан жүйе, дегенмен оның шарықтауына бөгде күштер ықпал етері анық. Мәдениет - ескі мен жаңаның, өзімдікі мен өзгенікінің өзара қатынастары, оларды игеру мен жатсыну, мұралану және

ажырау процестері. Демек, мәдениеттің әрбір күйі бір мезет сияқты, бірақ бұл сәт ешқашан шектелмейді әрі аяқталмайды. Құндылықтардың құнсыздануы, батыс мәдениетінің қазіргі қайшылықтары адамның болмыс ерекшелігінің шексіздігін көрсетеді. Оның нәтижесінде тарих сахнасына метамәдениетпен қатар жаңа өркениеттік құрылымдар шығады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы мәдени үрдістер кейбір бағыттары өзінің табиғи болмысынан ауытқып, мимесистік (ұқсау, еліктеу) сипаттағы батыс мәдениетінің таратушысына айналып отыр. Бұл жас ұрпақтың ұлттық талғамын әлсіретеді, ұлтты дәстүрлі төл мәдениеттен бірте-бірте ығыстыра алады. Осындай еліктеушілік ұлттық мәдениетке, әсіресе жастардың сана-болмысына, қатты әсер етеді, ұлттық тәрбиеліліктің этика-эстетикалық маңызы кемиді; кейбір қоғамдық ұйымдар бұқаралық мәдениет элементтерін пайдалану арқылы оны қаржылық көздеріне айналдырады (дискотекалар, түнгі клубтар, компьютерлік ойындар, бильярд залдары т.б.). Мұндай келеңсіздікке жол берілуінің себептері ретінде: ұлттық талғам, қоғамдық мүдде ұстанымдарында мәдениет пен өнердегі құндылықтар жүйесін қалыптастыру мен саралаудың дамымағандығы, шетелдік мәдени ағымдардың енуі мен таралуына мәдени ұжымдар мен басқару ұйымдарының бақылау орнатпауы, қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың мәдени даму процесінен алшақтығы, эстетикалық нормалардың, сапаның салғырттығы, яғни, талғамның татымсыздығы, стильдің дүбәралануы; түптеп келгенде нағыз өнердің құлдырауы.

Қазақ мәдениеті батыстық емес құндылықтарға негізделгенін ескерсек: тұлғааралық қатынастардың түпнегізділігіне, әрекеттенуші құндылықтардың тұрақтылығына, рухани реттеудің салмақтылығына негізделген. Қазақ мәдениетіне тән адам мен табиғат

арасындағы үйлесімділік, адам болмысының даралығына тән субъект-объект қарым-қатынастарының дамымағандығын, яғни адам мен табиғаттың өзара бірлігін, толықтығын, белгілі бір даралығын көрсетеді.

Қазір қазақстандық қоғамды тұтас қамтып отырған жаһандандудың ақпараттық төңкерісі адам өмірінің барлық салаларына ықпал етеді. Ұлттық егемендік пен ұлттық «Меннен», өзіндік болмыс пен қайталанбас дәстүрлі мәдениеттің архетиптік құндылықтарынан ажырап қалу қауіпі нақтылы көрініс табады.

Қазіргі уақытта Батыс Еуропа және АҚШ-тың мәдениеттері өзге батыстық емес мәдениеттерге деген ықпалы зор болып отыр, оның себебі бірнеше факторларға байланысты болып келеді:

- әлеуметтің экономикалық әлауқаты айтарлықтай жақсы болуы;
- адамдар арасындағы либералдылық қарым-қатынастың жақсы дамуы.

Бірқатар Еуропа мемлекеттері және АҚШ индустриалды-өндірістік мемлекеттер болып табылады. Ал басқа батыстық емес мемлекеттер индустриалды-өндірістік мемлекет қатарына жатса да, бұл сала айтарлықтай жақсы дамымаған (Жапон елі мен Оңтүстік Корея елінен басқа), олар шикізатты өндіретін мемлекеттер болып отыр.

Посткеңестік кеңістіктегі ұлттық мәдениеттерге қатысты әмбебаптандырушы руханилықтың бірнеше парадигмалары бар. Бұл батыстық, шығыстық (исламдық), орыстықтың тек бірін ағарту, гуманизм, зерделіліктің жалғыз иегері ретінде сипаттау, ұлттық мәдениетті тек бір руханилықтың әмбебапты үлгісінде саналы түрде қайтадан жасап шығару талабына жатады. Әрине, тек бір мәдениетті таңдап алудың жүзеге асуы неғайбыл, оның үстіне қазіргі жағдайларда мәдени экспансия жиі саяси экспансиямен теңестірілді, оның алғышарты ретінде қарастырылды. «Идеологиялық текетіректің соңы болып табылатын және қарама-қарсы

тұру мәдени шекаралар, өркениеттік арқылы өттетін, әлемдік саясаттың жаңа кезеңіне отырып, Қазақстан үшін айрықша, өркениеттік деңгейіндегі бірегейлік барған сайын маңызды бола бастайды» [6, 269 б.].

Қазіргі жағдайда «Шығыс – дәстүрлі қоғам, Батыс – қазіргі әлем» антитезасы мәдени модернизацияның барлық түрлі мәселелерін шеше бермейтіндігі анық. Бұл анықтамалар болмыстың әлдебір антропологиялық, әлеуметтік және өркениеттік өлшемі болып табылады. Әлеуметтік, этникалық және мәдени мәселелердің пайда болуы шамасында, олар бүгін модернизациялық процестердің динамикасын анықтайтын, сол импульстерде айқындалады. Бір жағынан, Еуразияда жүріп жатқан барлық процестерде, олар батыстық негізде қалыптасып келе жатқан, сол жаһандық өркениеттің ықпалы арта түседі. Басқа жағынан, дүниежүзілік өркениеттердің плюрализмі еуразиялық аймақтарға да тарайды. Сонымен, модернизация Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жүйесінде терең өзгерістерге әкеледі, бірақ бір нәрсе анық: мәдени қуаттан айырылған, саяси өзіндік анықталуға тірелген, ұлттық қайта жаңғыру мәдениет болмысының бұрынғы кеңесік жақтарын қайта жаңғыртуға, оның аффирмативтік функцияларын қайта жаңғыртуға әкеледі.

Адамзаттың біртұтастықты сезінуге діни, мәдени, нәсілдік, экономикалық әлауқат, саяси жүйелердің ерекшеліктері еш кедергі бола алмайды. Оған себеп біреу – ол бүкіл адамзат түбірінің бір екендігінде, сондықтан адамзат бір-бірін іздейді, мейлі қанды соғыс, агрессиялық жолмен болсын, мейлі бейбітшілік, саудалық қарым-қатынас жолмен болсын бір-біріне талпынады, яғни халықтық қазақ тілімен айтқанда, «бір-біріне қандары тартады». Осы жағдайды ескере отырып, ерте ме, кеш пе мега-қоғамның қалыптасуы ғажап емес. Бірақ бұл жерде бір түрлі мәдени, саяси, экономикалық

жүйелер қалыптасып, ұлттық мәдениет мүлдем жойылады деп тұжырымдау дұрыс емес.

Жаһандану процесіне қарсы мемлекеттер неден қорқады? Өзіндік мәдениеттің өкілдері экономикалық, саяси, құқықтық және технологиялық гомогенизацияның нәтижелері бұл мәдениетке кері әсері етеді деп қауіптенеді. Яғни, бұл гомогенизация процесі дәстүрге, мәдениетке және өмір сүру тәртібіне өзгерістер әкелуі мүмкін.

«Өзінді таны және өзгерт» - бұл даналақтың үлгісі, халқымыздың ойлау жүйесінің өзекті мәселесі. Өзін-өзі шыңдау, жасампаздық – адамның өзіндік дамуының мәңгілік процесі» деген желеумен озық тәжірибемен қатар, зиянды, ұлт діліне, руханиятына нұқсан келтіретін әдет-ғұрыптар, түсініктер де таралуын естен шығармауымыз керек. Қазіргі әлеуметтану, философия осы «модернизация да әр түрлі аймақтық, өркениеттік варианттары бола беретінін, (әсіресе Шығысқа тән), ол этникалық, діни, менталитеттік ерекшеліктерді ескеруі қажет екенін мойындайды, қысқасы, модернизация – ұлтсыздану, батыстану (немесе орыстану – кешегі КСРО) емес. Бұл жерде Шығыс халықтары, мұсылман әлемі қазіргі заманғы деп аталатын (түбін қусаңыз, әрине, еуропалық-батыстық) құндылықтар мен дәстүрлі, тұл қасиеттерді ұштастыруда белгілі бір тәжірибе жинаған» дейді [7, 4 б.].

Қазақ халқы өз тарихында бірнеше түбегейлі трансформация дәуірлерін басынан кешірді. Негізінен ол бізге белгілі екі үлкен белес, күрделі, өзгерістерге толы кезең: 1) мұсылмандануға байланысты, орта ғасырда болған араб-мұсылман әлеміне ену; әлемдік монотеизм дәстүрін игеру; 2) еуропалық өркениетпен араласудан басталған қазіргі күнге дейін жалғасып жатқан әлемдік өркениетке кіріп, өз орнын табу (XIX-XXI ғғ.).

Жалпы осы тарихи эволюция, ұлт трансформациясына байланысты бір

нәрсені дұрыс түсіну керек: әр түрлі идентификациялар дұрысында бір-бірін жоққа шығармай, үйлесе беру керек. Сондықтан Н. Назарбаевтың ұлттық интеграция мен жалпықазақстандық, еуразиялық, әлемдік жаһандануды бір стратегия ішінде қарауы, бірегейленудің екі деңгейі бар деуі (азаматтық-саяси және қазақтық-ұлттық), вестернизация өрісіндегі қазақстандық төлтума мәдениетті қорғау мәселесін айтуы – орынды.

Ұлттық мәдениеттің трансформациясының кезеңдеріне қысқаша тоқталсақ, онда ортағасырда әлемдік дінді қабылдауға байланысты оның өзгеруі ізгі салдар туғызып және халықтың этнопсихикасына бәлендей қайшылыққа келмей өтті. Оның себептері әртүрлі: көшпелі түркілер мен мұсылман халықтардың әлеумет-экономикалық деңгейі арасында үлкен айырмашылықтың болмауы араб, парсылар мен түркілердің этнопсихологиясында белгілі бір үйлесім болуы, т.б. Ал ең басты себебі – ислам өркениетінің ол кезде рухани сипатта болуы, этикаға негізделуі. Сондықтан онымен байланыс арқылы прогресс, ілгері басу анық байқалды, шапағат келді. Философия, мистицизм, ғылымдар, өнер, білім жедел қарқынмен дамып, түркілер «Мұсылман ренессансына» терезесі тең жұрт ретінде ат салысты.

Бірақ, сол ислам дініне байланысты дәстүрдің жаңаруының өзі мүлде қайшылықсыз өтті деу қиын.

Еуропалық мәдениетпен араласу кезеңінің алғашқы кезеңдері XIX-XX ғғ. бас кезіне тұспа-тұс келді. Абай бастаған реформашылар, сол сияқты «зар-заман» тақырыбына жазған исламшыл ақындар өмір сүрді. Олардың шығармалары қазақ ұлттық мәдениетінің XIX-XX ғғ. бас кезінде үлкен дағдарыста, ізденуде, қайшылыққа толы күйде болғанын көрсетеді. Ұлт көсемдері, жанашырлары халықты бір жағынан сынады, екінші жағынан, дерттің дауасын табуға тырысты, ұлт санасы, өмір салты белгілі

мағынада өзгеру керек екенін түсініп, оған жол көрсетті, тіпті бағдарлама жасады. Жалпы сол кездегі мұсылман халықтарға тән бұл ізденіс «жәдидизм» – «жаңашылдық» деп аталды және қазақ ұлттық зиялылары да осы бағытты ұстанды.

Жалпы, осы XIX-XX ғғ. бас кезінде ұлттың терең дағдарысқа ұшырағанын біз ұялмай айтуымыз керек. Оның бір себебі – отаршылдық болса, екінші себебі – халықтың өзінің кінәсі. Өз мінін білу – ұлылық белгісі, жақсылықтың нышаны, тәубеге келу. Сонымен бірге бұлар халықтың шын, асыл қасиеті, келбеті емес деп, ұлт зиялылары ежелгі мінез-құлықтың, дәстүрдің рухани тұстарын, күшті жерлерін айтып, халықты ойландыртып келді, бұрынғы бекзаттықты, ұлылықты, ерлікті аңсау сезімімен еске алды.

Кейбір зерттеушілер қазіргі біздің жағдай тура «Алаш» қозғалысы қайраткерлеріне кездескен мәселелерге ұқсас, тіпті оны қайталау керек дейді. Енді біреулер батыстандырудың өзін кері жылжу, «таза» көшпелі, ортағасырлық ойлау, өмір сүру үлгілеріне қайта оралу деп түсініп, мәселен, той-томалақты шамадан тыс көбейтіп, сақал өсіріп, шапан киюді ұлтшылдық белгісі деп, тіпті көпәйелділікті жақтап, діннің деежелгі, классикалық формасына беріліп жүр.

Егер Қазақстанда өтіп жатқан рестратификация мен десоциализация үдерістеріне назар аударсақ, онда сол «латынамерикандық дамудың» жаңа түрлерін аңғаруға болады. Мысалы, соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында (әсіресе, теледидарда) «зомби» туралы ойлар жиі айтылып жүр. Аталған ұғымның көркемдік, көпшілік мәдениетінде – табыстық-кассалық мағынасынан басқа рәміздік (символдық) мазмұн бар. «Тірі өлік» немесе зомби деп көптеген жағдайда рухани мәдениеттен тыс адамды айтады. Зомби тарихи-мәдени жадыдан тыс адам. Бұл сипатта Президент

Н.Ә. Назарбаевтың тарихи-мәдени мұраны меңгеру маңыздылығы туралы ойлары өзекті мәселеге жатады. Зерттеуші О. Біләлов «зомби» сыртқы мәдени экспансияға қарсы тұра алмайды дейді. Эссе түрінде жазылған мақаладан үзіндіні орыс тілінде келтіре кетсек: «Зомби өзін сыйлау дегенді білмейді, жартылай тірі өлікте зиянды мерездерден қорғайтын иммунитет жоқ. Сондықтан пысық миссионерлер олармен ойыншықтай ойнайды» [8, 21 б.].

Зомбиге жақын типтік ұғымға мәңгүрт жатады, бұл Ш. Айтматовтың көрген бейнесі кейін әлеуметтік-мәдени рәмізге айналған. Осы ұғым жөнінде арнаулы талдау біршама жеткілікті болғандықтан, оның кейбір жақтарына ғана назар аударайық. Тәуелсіздік жылдарында рестратификация мен бірегейлену біздің елімізде этникалық доминанттар ықпалымен (тәуелсіздікті, егемендікті, жер мен ел тұтастығын сақтау, т.т.) жүргізілгендіктен, кейбір зерттеушілер қазақ мәдениетіндегі екі субэтнос (қазақ тілді және орыс тілді қазақтар) туралы жазып жүр. Біздің ойымызша, осындай бөліністің кейбір негіздері болғанымен қазіргі өркениеттілік үдерістері мен индивидуалданған қоғамда оның жасандылығы да айқын көрініс табады. Басқаша айтқанда, этносты тілдік негіз бойынша жіктеу мәдениеттанулық ухрония мен утопияға жатады. Архаикалық және патриархалдық-кандық сананың белгілі бір өкілдері орыс тілді қазақ мәдениетінде мәңгүрттік белгілер бар дегенді де шығарады. Өйткені олар үшін рухани мәдениет қоршаған орта мен заман талаптарына оқшауландырылған мұражай сипаттас болып келеді [9, 7 б.]. Бұл сана ежелгі туысқандық қатынастарды адамдық пен кісіліктің жоғары үлгісі деп жариялады. Қазақстанда бұрын «ауыл - ұлт тірегі» деген тіркес «ұлтжанды» интеллигенция өкілдері тарабынан жиі айтылады. Ауыл шаруашылығына жүргізілген деколлективизациядан соң оның да мәнділігі азайып, ауылды

жаңғырту бағдарламасының жағымды мүмкіндіктері де бар екенін мойындау қажет. Қазіргі постмодерндік қоғамдастықта тұлғаның төмендегідей қасиеттері жоғары бағаланады: автономдық, атомарлық, жасампаздық, еркіндік, шығармашылық. Осындай дара тұлға үшін ең басты – «құлдық ділден» арылу. Ол «коллектившілдік нарциссизмнің де мәнісін түсінеді» [10, 7 б.]. Орталықсыздандырылған дискурс постмодерндік әлеуметтік мәдениеттің басты белгісіне жатады. Адам – негізгі капиталға айналды және бұл жай айтыла салған сөз емес. Бір мысал келтірейік, американдық ғалымдардың санағы бойынша, ол елдегі жинақталған адам капиталы 45 трлн. долларды құрайды екен. Бүкіл АҚШ корпорацияларының табысы 2015 жылы 15 трлн. доллардан сәл артық байлықты құрастырған екен. АҚШ университеттерінде бір студентті дайындауға 1 млн. доллардан артық қаржы жұмсалады екен [11, 127-128 бб.]. Осыны қазіргі Қазақстан оқу орындарында әр студентке бөлінетін 5 мың доллардай қаржымен салыстырып көріңіз.

Дінтанушы ғалым Б.М. Сатершинов постмодерндік әлеуметтік құрылымды жоғары бағалады. Мәдениеттаным үшін постиндустриалды қоғамның «постэкономикалыққа» айналуының өзі де маңызды құбылыс болып табылады. Нарықпен реттелген бұрынғы материалдық игіліктер мен қызметтер өндірісіне қоса «адам өндірісі» секторы ерекше мәнге ие болды. Рухани өндіріс «адамдық ықпалға» бет бұрып, негізгі мақсатқа және жетекші компонентке айнала отырып, доминантты рөл атқара бастады. Жеке корпоративтік және индустриалды-капиталистік меншікпен қатар рухани құндылықтармен өлшенетін интеллектуалды-индивидуалдық және постиндустриалдық меншік қалыптаса бастады. Өндірістік сала-дағы нарықтық қатынастар жаңа социомәдени ықпалдарға жол берді: тұлғаның интеллектуалдық шығармашылық және

әлеуметтік потенциалын, материалдық өндіріске бөлінетін шығын мен қаржы ғылым, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтауды арттырды, олар бірте-бірте өндірістік корпорациялар мен бизнесмендерге емес, зерттеу мен дамудың корпорацияларына, инстин-туттар және университеттерге көшеді» [12, 127-128 бб.].

Аталған автордың жаңа индивидуалданған мәдениет өніндегі сараптамасы батыстық озық ойлы философтардың пікірлерімен үндес келеді. Француз Жиль Делез қазіргі постмодерндік әлеуметтік мәдениетке мынандай анықтама береді: «Автономдық қоғам – бір мезгілде демократиялық және трансценденттік тірексіз – бұл бәрін біздің өзіміз шешетін қоғам» [13, 8 б.]. Жоғарыда белгіленгендей идеал мен жеке адамдардың шығармашылығында қалыптасады. Қоғам дегеніміз адам жасампаздығы үдерісінде ғана дами алады. Басқаша баламаларда «кешеуілдеп қалған қоғамдарды», «реликтивтерді», «авторитарлық режимдерді» ғана көре аламыз. Философ Н. Садыков қазіргі Қазақстанда екі түрлі инновациялық өркениетті құру бағдарламасы бар дейді, біріншісінің жасампаздық мүмкіндіктері төмен және архаистік санадан нәр алады. Оның басты сипаттарына жататындары:

- ру-тайпалық және тоталитарлық инерция;
 - мәдениетті пайдасы шамалы сала деп санау;
 - «толымсыздық комплексі» немесе «ұлттық мания»;
 - әлемдік өркениеттік үлгілерімен салыстырмалы зерттеулерден үрейлену;
 - шындықты жасыру, жаңа мифтерді, репрессиялық сананы қалау [14, 70 б.].
- Келесі бағдарлама тұлғалық мәдениетті заман талаптарына сай қалыптастыруға бағытталған:

- субъекторталық ұстаным;
- мәдениетті әмбебапты реттеуші тетік және сұхбат деп қарастыру;
- жеке адам санасына манипуляция жасауды тоқтату;

- ХХ ғасырдың бейбіт мәдениеті құндылықтарын (демократия, адам құқықтары, азаматтық қоғам, орнықты даму, толеранттылық, күш көрсетпеу т.т.) қабылдау [14, 100 б.].

Қоғам мен тұлғалық мәдениеттің арақатынасы әр өркениеттілік жүйеде өзінше болатындығын еске алып өткен дұрыс болар деп есептейміз. Мысалы, қазақ мәдениетінің болашақта гүлденуі үшін таза батыстық индивидуалистік принциптермен де, шығыстық қауымшылдық тұғырнамалармен де шектелгендіктің берері аз.

Аталған мәселенің ұтымы бір шешімін Қазақстан Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынады: «Бүгін тоталитарлық және либералды қоғам арасындағы дау жойылған кезде либералдық қоғам модельдерінің әр түрлі болатыны және әр елдің өзіндік ерекшеліктері болатындығы анықталып отыр. Негізгі айырмашылық модельдердің екі үлгісінің: ағылшын-саксон және «азиялық жолбарыстар» көрсеткен азиялық үлгілердің арасында болып отыр. Бірқатар бағыттарға ортақ сипаты бола тұра, олардың арасында үлкен айырмашылықтар байқалады. Бірінші модельге көбіне даралық, екіншісіне – коммунитаризм тән. Бірінші жағдайда мемлекеттің шектеулі рөлі уағыздалады, екіншісінде мемлекеттің жоспарлауымен белсенді түрде айналысып, жекеше сектор мен бүкіл қоғамға жетекшілік етуге тиіс күшейтілген рөлі уағыздалады. Бірінші модельде көңіл макроэкономикаға, екінші модельде – микроэкономикаға бөлінеді және т.с... Біз – өзіміздің белгілі тарихымыз бен өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің моделіміз басқа ешкімнің моделіне ұқсамайтындай болады. Ол өз бойына әр түрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңіреді» [15, 47-48 бб.].

«Еуропашылдық» белгілі мөлшерде ұзақ уақыт бойы мақтан, жетістік болды, ол кездегі ұлт интеллигенциясының

ішінен тым батысшыл болып, материализм, марксизмдерді де қостап кеткендері кездесіп отырды, әсіресе дінге, төл дәстүрге байланысты үстірт пікір айту да орын алды. Оның сол кездегі арғыдан келе жатқан потенциалы, шын мағынасын ажырату керек еді. Жалпы, сол кездегі ұлт элитасы еуропалықтардың өздеріне ұқсап кетіп, экстраверттік мінез танытып (яғни, мына дүние мәселелеріне беріліп), саясатшыл, ұлтшыл болды. Ұлтшылдық идеологиясы Еуропа мәдениетінен туындап, XIX ғасыр, капитализм индустриалдық қоғамның айнымас бір сипаты еді. Шығыс таза, дүние ұлтшылдықты бұдан бұрын білмеген, себебі, дін, конфессионалдық сана-сезім, империялық конфессионалдық сана оны тепеңдікте ұстап отырған. Жалпы сол кездегі зиялылар төл руханияттан кейде ауытқып кетіп отырған. Одан түбегейлі қол ұзу кеңес дәстүрінде марксизм арқылы болды. Әрине, бұл да заман талабы еді. Дәуір ерекшелігі осы сатыдан да (рационализм, сауда-өнеркәсіпті игеру, әлеуметтік, мемлекеттік қайта құрылу, т.б.) өту керек еді.

Қазіргі кезде көптеген ғылыми және адами мәселелерге түбегейлі жаңаша қарауға мүмкіндіктер туды. Қоғамның рухани өміріндегі құндылықтардың өзіндік келбеті мен сипаты көп өзгерді. Бұл құбылысты қоғамдық тарихи процестегі әр түрлі көріністер, көрнекті тұлғалардың іс-әрекеттерімен байланыстырмай терең түсіндіру мүмкін емес.

Діни құндылықтардың ерекшеліктерін, олардың ғылыми, этникалық дүниетанымға тигізген ықпалын жаңаша сараптау керек. Осы жолда еліміздің мұсылман қауымы атқаратын істер өте ауқымды және ғалымдардың көмегінсіз оны атқару қиындыққа түседі.

Халқымыздың сан ғасырлар бойындағы даму тарихында соңғы он бес жылдың алатын орны ерекше. Ата – бабамыздың армандаған тәуелсіздігіне, өз мемлекетімізге қол жеткіздік. Әрбір

халық тарихи даму кезеңінде өз болмысын ойлау жүйесі және дүниетанымы арқылы зерделейді. Ұрпақтан-ұрпаққа рухани құндылықтарды жеткізу ұлттық құндылықтардың тұрақты жүйесін жасайды. Сыртқы дүниедегі өзіне ұқсас қоғамдық өлшемдерді ішкі қажеттіліктерге жаратып, ұлттық діл негіздерін қалыптастыруға мүмкіндіктер ашады. Осыдан келіп дүниетанымның негізі мәні тек дүниені тануда ғана емес, оның мәнді мақсатын адамға байланысты пайымдауда екені көрінеді.

Жаһандану тегереуіне төтеп беретін азаматтық және патриоттық құндылықтар жүйесін тәрбиелеу процесінде, әрине, тек қазақтың ұлттық мәдениетінен келтірілген тағылымдардың жеткіліксіз екендігі түсінікті. Мұндай мысалдарды әлемдік өркениеттілік тарихынан көптеп кездестіруге болады. Айталық б.з.д. IV ғасырда Аристотель азаматтылықтың ежелгі Грекияда қалай қалыптасатынын суреттеп берген. 18 жасқа толған бозбала халық жиналысына келіп ант береді екен: мен заңдарды дәйекті сақтаймын, отандық рәміздер мен қасиетті үлгілерді қадірлейтін боламын, Отан үшін соғысуға дайынмын. Осыдан кейін екі жылға әскери қызметке кетеді екен.

Қазақ халқының әдептік санасында да патриоттық тәрбиеге үлкен көңіл бөлінеді. Мысалы, психолог-ұстаз Қ. Жарықбаев мынадай түйінді ойларын келтіреді: «Ұлтжандылық – отаншылдық қасиетпен тығыз байланысты. Қазақ елі бұл – біздің Отанымыз, туған жеріміз, өз еліміз. Осы жерді жан-тәнімен сүйетіндер де, оны көздің қарашығындай қорғап, сақтайтындар да алдымен қазақ халқы, оның сендердей ізбасарлары. өз елінің нағыз жанашыр азаматы болғысы келген адам алдымен өзінің әкесі мен шешесін, бауырлары мен туған-туысқандарын қастерлеп, қадір тұтуы тиіс» [16, 57 б.].

Дүниетаным әртүрлі жолмен мәдениетті байытады, бірақ, мәдениет тарихи құбылыс, оны адамдар жасап,

өзгертеді. Адамзат тарихының дамуы ірі және шағын кезеңдерден тұрады. Олардың әрқайсысына өзіндік мәдениет тән, мәдениетпен бірге дүниетанымда өзгеріп, қайта құрылады. Сондықтан, дүниетанымының мәдени-тарихи сипаты бар делінеді. Айталық, антика дәуірінің дүниетанымы алғашқы қауымның дүниетанымынан өзгеше, біздің қазіргі дүниетаным барша өткен дүниетанымнан басқаша. Бірақ, мәдениеттің этникалық және ұлттық ерекшеліктері де бар. Сондықтан, кез келген дүниетанымда этникалық не (немесе) ұлттық нышан болады.

Кейбір мәдениеттерде, әсіресе, тарихтың ертерек сатылары мен барлық алғашқы қауымдық мәдениеттерде, «көзге көрінбейтін» дүниетаныммен қатар, оны алмастырушы әрі сыңары болатын әлем бейнесі деген нәрсе қалыптасады. Әлем бейнесінде дүниетаным мен оның әмбебаптары көзге көрінетін, көрнекі формаға ие болады. Бұл эстетикалық сөз бен эстетикалық бейнелеу іс-әрекеттерін қолдану арқылы жүзеге асады. Мысалға әлемдік ағаш деп аталатын нәрсені алуға болады. Ол көптеген адамға әлемде адаспау үшін біршама тиімді бағдар болды. Қоғамдық сана деңгейі ретіндегі дүниетанымның жалпы сипаты осындай. Тарихтың соңғы сатыларында кейбір тұлғалар жалпы дүниетанымнан біршама ерекшелу басқа, өзіндік жеке дүниетанымды жасайды.

XX ғасырдың басында О. Шпенглер айтқандай, Батыстың құлдырауы туралы сөз қозғап жүр. Оның басты факторлары: өркениеттік және мәдени құндылықтардың арасындағы қайшылықтар, демографиялық және экологиялық дағдарыстар, АҚШ саясатындағы астамшылдық, көпполусті әлемге бейімсіздік ж.т.б. Бұл процестердің мәдениет саласындағы тигізген әсерлерін философиялық тұрғыдан пайымдау жаңа әлеуметтік-философиялық ізденістердің арқауы

болары сөзсіз. Ал алынатын нәтижелері ұлттық философияның көкжиектерін кеңейте түсуі, терең де толымды теориялық негіз болары хақ.

Жаһандану және батыстандыру үрдістеріндегі қазіргі Қазақстан үшін этникалық сақталу тетіктерін жаңғырту және оларды заман талаптарына сай үйлестіру маңызды міндет болып табылады. Біздің зерттеуіміздің өне бойында осы идея басымдық болып, өз кезегінде ойлау мәдениетімізге бастаушы методологиялық құрал ролін атқарды. Келешек зерттеу барысында тереңдей түсіп, жаңа ізденістерге бастау болады.

Қазіргі Қазақстан үшін қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған мәдени құндылықтары (еркіндік, төзімділік, ашықтық, сұхбатшылдық, табиғатқа жақындық, балажандылық т.т.) жаңа жағдайларда діл, дін, тіл бірлігін қорғауда маңызды рөл атқарады. Бұның өзі батыстандыру процесінің сыңаржақтылығын айқындап қана қоймай, салыстыру арқылы толыққанды жаңа қорытындылар негізінде философиялық жаңа қырларын ашуға және оларды дәйекті түрде негіздеуге кең жол ашады.

Қазіргі Қазақстан жағдайында ұлттық мәдениет үшін батыстандыру үрдістері амбивалентті болып келеді: нарық, демократия, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, тұлға еркіндігі сияқты Батыстың жағымды құндылықтары – бір жағынан және квази мәдениет, қарсы мәдениет, девианттық қылық, еліктеушілік, дәстүрдің құнсыздануы тәрізді теріс батыстық әсерлер – екінші жағынан. Ең дұрыс пайымдау бағыты ретіндеекі жақтың да оң нәтижелерін біріктіріп, ортақ ғылыми қорытындыларын әлеуметтік-мәдени зерттеудің нысанына айналдыру.

Қорытынды

- Бүгінгі Қазақстан өркениетінің алдында тұрған негізгі міндеттердің

бірі ұлттық мәдениет байлығын әлемдік өркениет тізбегінеенгізу. Қазақстандық өркениет – көп ұлтты тәуелсіз Қазақстан үшін ұлттық идеяның көрінісі.

- Қазақстанда мәдениеттің өзекті мәселелеріне және олардың пән құрастырушы потенциалына жататындары: қазақ мәдениеті мен өркениеттілігін бірегейлендіру, мәдени институттарды бейкоммерциялық және жоғары мәдениет талаптарына сай қайта ұйымдастыру, ұлттық мәдени мұраны жаңғырту концепциясын ғылыми негізде талдау; әлемдік өркениет құндылықтарын ұлттық мәдениет бітімдерімен үйлесімді қосу, этномәдени жалпыма контекстіден субмәдениеттік зерттеулерге көңіл бөлу, мәдени басқарудың шығармашылық және мақсаттылық формаларын қолдау, көңіл көтеру индустриясының озық үлгілері мен ұлттық дәстүрдің арасындағы үйлесімді өлшемдерді қалыптастыру т.т.

- Қазақ мәдениеті батыстық емес құндылықтарға: тұлғааралық қатынастардың түпнегізділігіне, әрекеттенуші құндылықтардың тұрақтылығына, рухани реттеудің салмақтылығына негізделген. Қазақ мәдениетіне тән адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік, адам болмысының даралығына тән субъект-объект қарым-қатынастарының дамымағандығын, яғни адам мен табиғаттың өзара бірлігін, толықтығын, белгілі бір даралығын көрсетеді.

- Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы мәдени үрдістердің кейбір бағыттары өзінің табиғи болмысынан ауытқып, мимесистік (ұқсау, еліктеу) сипаттағы батыс мәдениетінің таратушысына айналып отыр. Бұл жас ұрпақтың ұлттық талғамын әлсіретеді, ұлтты дәстүрлі төл мәдениеттен бірте-бірте ығыстыра алады. Осындай еліктеушілік ұлттық мәдениетке, әсіресе жастардың сана-болмысына, қатты әсер етеді, ұлттық тәрбиеліліктің этика-эстетикалық маңызы кемиді; кейбір қоғамдық ұйымдар бұқаралық мәдениет элементтерін пайдалану арқылы оны қаржылық көздеріне ай-

налдырады Мұндай келеңсіздікке жол берілуінің себептері: ұлттық талғам, қоғамдық мүдде ұстындарында мәдениет пен өнердегі құндылықтар жүйесін қалыптастыру мен саралаудың дамымағандығы; шетелдік мәдени ағымдардың енуі мен таралуына мәдени ұжымдар мен басқару ұйымдарының бақылау орнатпауы; қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың мәдени даму процесінен алшақтығы; эстетикалық нормалардың, сапаның салғырттығы, яғни, талғамның татымсыздығы, стильдің дүбәралануы; түптеп келгенде нағыз өнердің құлдырауы.

Әдебиеттер тізімі

1 Зиммель Г. Мәдениеттің мәні туралы (Аударған Самат Ибраим) // Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы: Жазушы, 2006. – 17 Т. – 64-81 бб.

2 Грамши А. Тюремные письма. – М.; Прогресс, 1985. – 243 с.

3 Нысанбаев А.Н. Казахская цивилизация как проблема социальной и правовой философии. – Алматы: ИФП МОН РК, 2003. – 165 с.

4 Хамидов А.А., Әлжан Қ.Ұ. XX ғасырдың мәдениет философиясы // Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы: Жазушы, 2006. – 17 Т. – 389б.

5 Мүтәліпов Ж. Мәдени диалог және өркениеттер тоғысы. – Алматы, 2002. - 240 б.

6 Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. - Алматы: Өнер, 1996. - 269 б.

7 Божбанбаев Б.М. Тенденции и перспективы развития Казахстанской культуры // Философия тарихы: Классика және қазіргі уақыт. Екінші Қасымжанов оқулары. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. - Алматы, «Қазақ университеті», 2005. – 115-119 бб.

8 Біләл О. Қалам ұшына тұнған ой. // Жалын. – 2006. - № 9. - 23-25 бб.

9 Кодар А. Истоки Степного Знания // Тамыр. – 2000. - № 1 (2). – С. 34-43

10 Садықов Н. Казахстан и мир: социокультурная трансформация. - Астана: Елорда, 2001. – 280 с.

11 Қазбеков Н.А. Мәдениет және мәдениеттанулық концепциялар. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003. – 235 б.

12 Сатершинов Б.М. Қазіргі Қазақстан мәдениеті дамуының негізгі бағдарлары мен

қайшылықтары. Ф. ғ. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы: – 2000. – 135 б.

13 Глобалистика: Международный междисциплинарный энциклопедический словарь // Гл. ред.: И.И. Мазурь, А.Н. Чумаков. – М.-СПб.: ИЦ «Елима», ИД «Питер», 2006. – 547 с.

14 Тоффлер. Э. Третья волна. –М.: ООО АСТ, 1999. – 784 с.

15 Назарбаев Н.Ә. Сындралы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003.- 240 б.

16 Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә., Ғабитов Т. Әдеп негіздері. Алматы: Мұраттас, 1997. 153 б.

Transliteration

1 Zimmel G. Mádeniеттің máni týraly [About the essence of culture] (Аýдарған Samat Ibraim) // Áлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы: Jazyshy, 2006. – 17 Т. – 64-81 bb. (in Kaz)

2 Gramshi A. Tjurementnye pis'ma [Prison letters] – М.; Progress, 1985. – 243 s. (in Russ)

3 Nysanbaev A N. Kazahskaja civilizacija kak problema social'noj i pravovoj filosofii [The civilization of Kazakhstan as a problem of social and legal philosophy] – Алматы: IFP MON RK, 2003. – 165 s. (in Russ)

4 Hamidov A.A., Áljan Q.U. XX ғасырдың mádeni filosofiasy [Cultural philosophy of the XX century] / / Áлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы: Jazyshy, 2006. – 17 Т. – 389б. (in Kaz)

5 Músálipov Sol. Mádeni dialog jáne órkenieter toǵysy [Cultural dialogue and the tide of civilizations] – Алматы, 2002. – 240 б. (in Kaz)

6 Nazarbaev. Gasyrlar toǵysynda [At the turn of the century] - Алматы: Óner, 1996. - 269 б. (In Kaz)

7 Bozhbanbaev B.M. Tendencii i perspek-

tivy razvitija Kazahstanskoj kul'tury [Trends and prospects of development of Kazakh culture]// Filosofia tarihy: Klasika jáne qazirgi ýaqyt. Ek-inshi Qasymjanov oqýlary. Halyqaralyq ǵylymı konferensia materialdary. - Алматы,» Qazaq ýniversiteti», 2005. – 115-119 bb. (in Russ)

8 Bilál A.Qalam ushyna tunǵan oi [A thought stuck in the tip of a pen] // Jalyn. – 2006. - № 9. - 23-25 bb. (In Kaz)

9 Kodar A. Istoki Stepnogo Znanija [The Origins of Steppe Knowledge] // Tamyr. – 2000. - № 1 (2). – S. 34-43(in Russ)

10 Sadykov N. Kazahstan i mir: sociokul'turnaja transformacija [Kazakhstan and the world socio-cultural transformation] - Astana: Elorda, 2001. – 280 s. (in Russ)

11 Qazbekov n. a.Mádeniет jáne mádeni konsepsialar [Culture and cultural concepts] - Qaraǵandy: Bolashaq-Baspana, 2003. – 235 б. (In Kaz)

12 Satershinov B.M. Qazirgi Qazaqstan mádeniети damýynyń negizgi baǵyttary men qayyrshylary [The main directions and contradictions of the development of modern Kazakhstan's culture] F. kand. ǵylymı dárejesin alý úshin disertasiyany daiyndaǵan. - Алматы: -2000.- 135 б. (In Kaz)

13 Globalistika: Mezhdunarodnyj mezhdisciplinarnyj jenciklopedicheskij slovar [Globalistics: An international interdisciplinary Encyclopedic Dictionary] // Gl. red.: I.I.Mazur', A.N.Chumakov. - М.-SPb. : IC «Elima», ID «Piter», 2006. – 547 s. (in Russ)

14 Toffler. Je. Tret'ja volna [The third wave] – М.: ООО АСТ, 1999. – 784 с. (in Russ)

15 Nazarbaev N.Á. Uldarly on jyl [A critical decade] - Алматы: Atamura, 2003.- 240 б.(In Kaz)

16 Slámuly Q., Aldamuratov Á., ǒbitov T. Áдеби негіздері [Fundamentals of ethics] - Алматы: Murattas, 1997. - 153 б. (In Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

<i>Елдос Нұрланұлы Осербаев</i>	PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
<i>Тұрсын Хафизұлы Ғабитов</i>	Философия ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
<i>Елдос Нурланович Осербаев</i>	PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
<i>Турсун Хафизович Габитов</i>	Доктор философских наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
<i>Yeldos Osserbayev</i>	PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
<i>Tursun Gabitov</i>	Doctor of Philosophical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan